

## **Еңбекті қорғау – әрбір қызметкердің зор жауапкершілігі**

Құрметті әріптестер!

Қоғамның компаниялар тобындағы басты міндеттердің бірі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өндірісте жарақат алуды болдырмауға қол жеткізу болып табылады.

Қоғам қойылған мақсаттарды орындау үшін жоғары міндеттемелер белгілеп отыр. Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, әсіресе індет өршіп тұрған қиын кезеңде, басшылар үшін де, сондай-ақ әрбір қызметкер үшін де басты басымдық болып табылады.

Қызметкерлердің қауіпсіздік деңгейі тек жоспарланған іс-шараларды ойдағыдай іске асыруға ғана емес, бірінші кезекте, жоғары басшылықтың тікелей ат салысуына байланысты екенін атап өткім келеді. Бір орында тұрып қалмай, алға ұмтылып, өз қызметкерлерін барынша сенімді қорғауды мақсат ететін әрбір ұйым әлемдік озық тәжірибені игеріп, ең үздіктерін қолдана білуі тиіс.

Қауіпсіздік мәдениетін арттырып, өндірістік жарақатқа жол бермеу әрбір жұмыскердің жауапкершілік аймағы болып табылады. Сондықтан да, біз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жүргізетін боламыз:

- өндірістік жарақат санын азайтуға, қауіпсіздік мәдениеті деңгейі мен осы іске деген басшылық ынтасын арттыруға бағытталған жобалар енгізілуде;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыру, озық өндірістік компаниялармен тәжірибе алмасу жұмыстары басталды;

- барлық оқыс оқиғаларды, оның ішінде жазатайым оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін қауіпті оқиғаларды міндетті тіркеу, тергеп-тексеру және есепке алу көзделді;

- қызметкерлерді жазатайым оқиғалар, орын алуы мүмкін қауіпті оқиғалар туралы хабарлағаны үшін көтермелеу тетігі енгізілді.

**Егер сіз еңбек жағдайларының қауіпсіздігі бұзылғанын, жабдықтың қауіпсіз жұмыс әдістеріне сай еместігін көрсеңіз, кез келген процесті, оның ішінде өндірістік процесті де тоқтатуға құқылы екеніңізді біліп жүріңіз.**

**Егер жұмысыңызды жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін себеппен тоқтатар болсаңыз, өз тарапымынан қолдау көрсететініме кепілдік беремін.**

Сонымен қатар, ешбір ереже жеке өміріңіз мен денсаулығыңызды, әрі өзгелердің денсаулығын сақтауға деген дұрыс түсінігіңіз бен жауапкершілігіңізді алмастыра алмайтынын есте сақтағаныңыз жөн. Сондықтан да, сіздерден жұмыс барысындағы қауіпсіздік өзіміздің, әріптестеріміздің, туыстарымыздың және жақындарымыздың алдындағы зор міндет екенін үнемі есте сақтауларыңызды сұраймын.

**Басқарма Төрағасы**

**Қ. Максұтов**